

М.С. Садырова*, К.С. Мухтарова, А.Е. Орымбетов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: msadirova58@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚАЛАУЛАРЫ: ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР ӘДІСНАМАСЫ

Елдің “Жаңа Қазақстан” моделі шеңберінде орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қалалық және ауылдық мектептерде, сондай-ақ әртүрлі мамандандырылатын мектептерде сапалы білім берудің тең әлеуметтік жағдайларын қамтамасыз ету маңызды.

Қазақстанда білім беру саласында жоғары сынып оқушыларына кәсіби өзін-өзі анықтау субъектісі ретінде қарастыру мәселесіне жеткілікті назар аударылмаған. Сондықтан, ұсынылған авторлық зерттеу орта жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының өзгеруіне ықпал ететін факторларды салыстырмалы талдауға және анықтауға бағытталған. Бұл ретте негізгі мәселе – кәсіби қалалардың аймақтық және гендерлік ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу нәтижелері мектеп оқушыларының кәсіби қалауына әсер ететін жеке факторларды анықтады: жоғары жалақы деңгейі (92%); мансаптық өсу мүмкіндігі (89,0%); жоғары білікті мамандық, жұмыс (53%); мамандық басқаруға мүмкіндік береді, басшылық ету (42,0%); өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді (41,0%); қоғамда жоғары мәртебе береді (27,0%). Сонымен қатар осы мақалада кәсіби таңдаудың аймақтық және гендерлік ерекшеліктерін, білім беру теңсіздігінің оған әсерін зерттеу маңызды.

Жұмыстың мақсаты ұлттық және халықаралық ауқымда да жоғары мәнге ие, бұл зерттеу жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларын қалыптастырудың әлеуметтік мәселелерін тереңірек және жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді және оларды шешу жолдарын ұсынады.

Жұмыста әзірленген әдістеме мен құралдарды жастардың білім беру, еңбек және кәсіби мінез-құлқы бойынша одан әрі практикалық зерттеулерде пайдалануға болады. Зерттеу Қазақстандағы экономика мен білім беруді жаңғырту және цифрландыру процестері, жұмыспен қамту саясаты және кәсіптік және жоғары білім берудің белгілі бір бағыттарын қолдау, сондай-ақ пандемия мен онлайн-білім берудің өмір сүрген тәжірибесі, оқушылардың, олардың отбасыларының, жақын әлеуметтік ортаның құндылық түсініктері мен кәсіби күтулері оқушылардың кәсіби қалауына қалай әсер ететінін ескере отырып, осы мәселені анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жоғары сынып оқушылары, кәсіп, амандық таңдау, кәсіби қалау, кәсіби бағдар, кәсіби бейімділіктерді зерттеу.

M. Sadyrova*, K. Mukhtarova, A.E. Orymbetov

Kazakh National University named after al-Farabi, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: msadirova58@gmail.com

Professional preferences of Kazakhstan school graduates: methodology of scientific research

For the sustainable socio-economic development of the country within the framework of the “New Kazakhstan” model, it is important to ensure equal social conditions for quality education in urban and rural schools, as well as schools of different specialization.

In the field of education in Kazakhstan, not enough attention has been paid to the issue of considering high school students as subjects of professional self-determination. Therefore, the proposed author’s research is aimed at comparative analysis and identification of factors contributing to changes in professional preferences of high school students of secondary general education and specialized schools. At the same time, the main issue is the study of regional and gender characteristics of professional cities.

The results of the study revealed individual factors that influence the professional preferences of schoolchildren: high salary level (92%); possibility of career growth (89.0%); highly qualified profession, work (53%); profession allows management, management (42.0%); enables self-realization (41.0%); gives high status in society (27.0%). At the same time, it is important in this article to study the regional and gender characteristics of professional choice, the influence of educational inequality on it.

The purpose of the work is of high importance both on a national and international scale, which is due to the fact that this study will allow deeper and systematic identification of social problems of the formation of professional preferences of high school students and will suggest ways to solve them. The methodology and tools developed in the work can be used in further practical research on the educational, labor and professional behavior of young people. Research processes of modernization and digitization of economy and education in Kazakhstan, employment policy and support of certain areas of professional and higher education, as well as lived experience of pandemic and online education, value perceptions of students, their families, close social environment and professional It allows us to identify this issue by considering how expectations affect students' professional preferences.

Key words: high school students, profession, healthy choice, professional preferences, professional orientation, , methodology of studying professional tendencies.

М.С. Садырова*, К.С. Мухтарова, А.Е. Орымбетов

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: msadirova58@gmail.com

Профессиональные предпочтения выпускников школ Казахстана: методология научных исследований

Для устойчивого социально-экономического развития страны в рамках модели «Нового Казахстана» важно обеспечение равных социальных условий качественного образования в городских и сельских школах, а также школах разной специализации.

В сфере образования Казахстана недостаточно внимания уделяется вопросу рассмотрения старшеклассников как субъектов профессионального самоопределения. Поэтому предлагаемое авторское исследование направлено на сравнительный анализ и выявление факторов, способствующих изменению профессиональных предпочтений старшеклассников средних общеобразовательных и специализированных школ. При этом основным вопросом является изучение региональных и гендерных особенностей профессиональных городов.

Результаты исследования выявили отдельные факторы, влияющие на профессиональные предпочтения школьников: высокий уровень заработной платы (92%); возможность карьерного роста (89,0%); высококвалифицированная профессия, работа (53%); профессия позволяет управлять, управлять (42,0%); дает возможность самореализоваться (41,0%); дает высокий статус в обществе (27,0%). При этом важным в данной статье представляется исследование региональных и гендерных особенностей профессионального выбора, влияние образовательного неравенства на него.

Цель работы имеет высокую значимость как в национальном, так и международном масштабе, которая обусловлена тем, что данное исследование позволит глубже и системно выявить социальные проблемы формирования профессиональных предпочтений учащихся старших классов и предложит пути их решения.

Разработанная в работе методология и инструменты могут быть использованы в дальнейших практических исследованиях по образовательному, трудовому и профессиональному поведению молодежи. Исследование процессов модернизации и цифровизации экономики и образования в Казахстане, политики занятости и поддержки отдельных направлений профессионального и высшего образования, а также жизненного опыта пандемии и онлайн-образования, ценностных представлений студентов, их семей, близкого социального окружения и профессионального Это позволяет выявить данную проблему, рассмотрев, как ожидания влияют на профессиональные предпочтения студентов.

Ключевые слова: школьники старших классов, профессия, выбор профессии, профессиональные предпочтения, профессиональная ориентация, методика изучения профессиональных тенденций.

Кіріспе

Мақалада жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларын зерттеудің ғылыми әдіснамалық ерекшеліктері талданады. Қазіргі кездегі кезекті мәселелердің бірі жас мамандардың кәсіби әлеуетін еңбек нарығында тиімді пайдалану. Жоғары оқу орындары түлектерінің жартысынан көбі кәсіби алған білімі бойынша қызмет атқар-

майды. Оның себептерінің бірі жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының олардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сай болмауы. Сонымен қатар нарық талабына сай жаңв мамандықтар туралы кәсіби бағдар жұмыстарының әсерінің тиімділігінің төмендігіне байланысты. Мақалада жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының трансформациясын зерттеудің кешенді әдіснамасы ұсынылады.

Мақсат пен зерттеу тақырыбын таңдаудың негіздемесі

Мектеп оқушыларының кәсіби бейімділігін қалыптастыру бойынша жүйелі шараларды әзірлеу қажеттілігін айта келіп Қазақстан Президенті Қ.-Ж.Тоқаев «Балаларға ерте кәсіптік бағдар берудің маңызы ерекше. Жас ұрпақ болашақ мамандығын саналы түрде таңдауы» керектігін атап өтті (Тоқаев, 2021).

Индустриалды-инновациялық даму және бәсекеге қабілетті экономиканы құру міндеттері, біркелкі емес өңірлік даму, білім беру жүйесін реформалау, жергілікті және ұлттық еңбек нарығының ерекшеліктері, пандемияның ұзақ мерзімді жағдайы қала ауыл мектептері түлектерінің кәсіби қалауларының өзгеруіне әкеліп соқтырады және ауыл белгілі бір мамандықтарды игеруге инвестиция тартуды ынталандырады. Оқушылардың кәсіптік таңдауына әр түрлі факторлар әсер етеді (отбасының материалдық жағдайы, оқуы мен жұмыстың қолжетімді болуы, таңдауының артықшылықтары, беделі және т.б.). Жоғары сынып оқушыларының Кәсіби қалауларында гендерлік айымашылықтар байқалады. Мамандандырылған мектептердің түлектерінің дайындығы мен дүниетанымы, білім мен кәсіптік ұмтылысы жоғары.

Қазіргі жағдайда терең әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің әсерінен қала және ауыл мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларының кәсіби бейімділіктері күрделі өзгерістерге ұшырап жатқанын атап өткен жөн. Осыған қарамастан, Қазақстанда жас мамандарды даярлау процесі нарықтық қоғамның өсіп келе жатқан сұранысын толық есепке алмайды. Бүгінгі таңда Қазақстанда ұлттық компанияларды оларға жоғары сұранысқа ие техникалық мамандармен қамтамасыз ету мүмкіндігінің төмендігі туралы өкінішті жағдай орын алғанын ескермеу мүмкін емес.

«Жаңа Қазақстан» моделі аясында еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қала мен ауыл мектептерінде, сондай-ақ әртүрлі мамандарыланған мектептерде сапалы білім алу үшін тең әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету маңызды. Бұл жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына және одан әрі білім алу траекториясын анықтауға мүмкіндік береді. Жастардың болашақта жұмысқа орналасуының және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті болуының кепілі ретінде кәсіптік бағдарлаудың тиімділігі жастар-

ды тиімді жұмыспен қамтудың маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қолданыстағы білім беру тәжірибесі көп жағдайда мемлекет пен қоғамның қала және ауыл мектебінің түлегін әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау субъектісі ретінде қалыптастыруға деген тапсырысын көп жағдайда қамтамасыз ете алмайды. Себептері: кәсіптік бағдар берудің тәжірибелік-бағдарлы нысандарын кәдімгі кәсіптік кеңес беру және психологиялық диагностикамен алмастыруға негіз болатын әртүрлі білім беру ұйымдары арасындағы кәсіптік бағдар берудің өзара әрекеттестігінің төмен деңгейі; заманауи ақпараттық технологияларды есепке алмай ескірген тиімсіз тәсілдерді қолдану.

Сондықтан, ұсынылған авторлық зерттеу орта жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының өзгеруіне ықпал ететін факторларды салыстырмалы талдауға және анықтауға бағытталған. бұл ретте негізгі мәселе кәсіби қалалардың аймақтық және гендерлік ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Жоғары сынып оқушыларының құндылықтық қалауларының олардың болашақ еңбек әрекетінде көрінетін әлеуметтік белсенділігін анықтайтын маңызды фактор екенін ескермеу мүмкін емес. Сонымен қатар, бұл кәсіби қалаулар еңбек нарығы мен білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістердің, жалпы алғанда Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік қайта құрулардың көрінісі болып табылады. Сондықтан да жастардың құндылық қалауларын зерттеу елдің еңбек нарығын қазіргі заманғы экономикалық және социологиялық зерттеулер үшін өте маңызды.

Ауыл және қала жастарының кәсіптік көзқарастары мен қалауларының өзгеру динамикасы еңбек нарығының сұранысына, Жаңа Қазақстанның әлеуметтік теңсіздік мәселесін шешудікөздейтін экономикалық және әлеуметтік-саяси бағытына кешенді әлеуметтанулық зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның жоспарланған аймақтарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің негізгі құжаты аймақтық, гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып, жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының трансформациясын социологиялық зерттеудің базалық бағдарламасын және зерттеу құралы ретінде сауалнаманы әзірлеу болып табылады.

Ғылыми-қолданбалы зерттеудің мақсаты – Қазақстанның еңбек нарығындағы болашақ жұмысастылық пен мамандықтарға деген сұраныстың стратегиясы ретінде мамандық таңдаудың

теориялық бағыттарын салыстырмалы талдау негізінде Қазақстанның қалалық және ауылдық мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының аймақтық және гендерлік ерекшеліктерін зерттеу әдістемесін ұсыну.

Осыған байланысты зерттеудің міндеттері болып табылады:

- ұсынылған зерттеу тақырыбы бойынша әлеуметтік зерттеулердің қалыптасқан теориялық тәсілдерін, соның ішінде еңбек нарығы мен жұмыспен қамтуды қалыптастырудағы отандық және шетелдік тәжірибенің ерекшеліктерін анықтау;

- аймақтар бойынша жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының өзгеруін әлеуметтанулық тұрғыда зерттеудің тұжырымдамалық бағыттарын ұсыну;

- бітірушілер арасындағы сұраныстың дәрежесімен белгіленетін және айқындалатын нақты кәсіптерге сұраныстың ауыр нүктелеріне бағытталған еңбек нарығын және халықты жұмыспен қамтуды дамытудың өңірлік бағдарламасы бойынша ұсынымдарды әзірлеуде маңыздылығы мен маңызы жоғары қорытындыларды тұжырымдау;

Ұсынылған зерттеудің, жалпы білім беретін мектеп түлектерінің кәсіптік бейімділігін қалыптастыруға, мамандық таңдауға және оларды кейіннен тиімді жұмысқа орналастыруға, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға қатысты мәселелерді зерттеуде ғылыми, теориялық және практикалық мәні бар. Ұсыныстар орта және арнаулы мектептердің жоғары сыныптарының түлектеріне олардың гендерлік және аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік бағдар беру саласындағы мектеп әкімшілігінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған. Тиімді кәсіби бағдар беру жұмыстары жоғары оқу орындарында мамандарды даярлау сапасы жақсартуға ықпал етеді.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бейімділіктерін зерттеу әдістемесіндегі тұжырымдар мен ережелерді оқушылардың қазіргі заманауи мамандықтарға деген кәсіби бейімділігін анықтауға және өзгертуге бағытталған жыл сайынғы мониторингте пайдалануға болады. Осыған байланысты зерттеуде басым әдіс ретінде болжау әдісі пайдаланылады.

Материалдар и зерттеу әдістері

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларын зерттеу экономикалық және әлеумет-

танулық ғылыми-әдістемелік тәсілдерге негізделеді.

XX ғасырдың екінші жартысында П.М. Блау және О.Д. Дункан бірінші болып адамдардың көптеген мамандықтар бойынша жіктелуін сипаттап, американдық қоғамның кәсіби құрылымындағы иерархиялық белгілерді анықтады. АҚШ-ғы әлеуметтік мобильділікке қатысты алғашқы ірі ұлттық сауалнаманың сандық талдауына сүйене отырып, П.М. Блау және О.Д. Дункан ата-аналардың өздерінің әлеуметтік мәртебесін балаларына білім алуына әсер ету арқылы балаларына беру процесін сипаттайды. Кәсіби қызметті таңдау және одан әрі мансап мүмкіндігі отбасының әлеуметтік-экономикалық активтерімен тікелей байланысты екені анықталды (Блау, Дункан, 1967).

Амстердам университетінің профессоры Герман ван де Верфхорст білім беру жүйесінің төрт негізгі міндетін анықтайды (1-суретті қараңыз).

Білім беру жүйесінің төрт негізгі мақсатын неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндіру мыналарды қамтиды:

- 1) еңбек нарығындағы міндет еңбек нарығын кадрлармен қамтамасыз етуді білдіреді;

- 2) тиімділік міндеті студенттерді қабілеттері мен қызығушылықтарына қарай тиімді таңдауды білдіреді;

- 3) тең мүмкіндіктер міндеті әртүрлі сыныптағы балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді білдіреді;

- 4) белсенді азаматтық міндеті қоғам өміріне белсенді қатысатын азаматтарды тәрбиелеуді білдіреді.

Герман ван де Верфхорст 621 оқушының сауалнамасына сүйене отырып, әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтардағы оқушылардың оқу үлгерімінің деңгейін түсіндіретін факторларды анықтады, Сол арқылы осы саладағы теңсіздікті жоюдың тиімді саясатын анықтады (Герман, 2009).

Сондай-ақ, Дж.Холланд, В.Врум, Д.Супер тұжырымдамаларында сипатталғандай шетелдік әлеуметтік психологияда жеке тұлғаның кәсіби қалаулары туралы сәл басқаша пайымдаулардың бар екенін де айта кету керек, оны арқылы көрсетуге болады.

Мәселен, мысалы, Дж.Холланд адамның мамандық таңдаудағы мінез-құлқын, оның бағыт-бағдарын түсіндіру үшін ең маңызды деп санайды, сонымен бірге келесі кезеңдерді бөліп көрсетеді (2-суретті қараңыз).



1-сурет – Герман ван де Верфхорст бойынша білім беру жүйесінің негізгі міндеттері

*Ескерту: дереккөз бойынша мақала авторлары құрастырған
(Brunello, Fort, Guglielmo Weber, Christoph, 2013)



2-сурет – Дж.Холланд бойынша мамандық таңдаудағы тұлғаның мінез-құлқының үлгісі

*Ескерту: суретті мақала авторлары дереккөз бойынша құрастырған
(Holland, Holyoak, Nisbett, & Thagard, 1986)

Суреттен Дж.Холланд осылайша мамандық таңдауды тұлғалық бағыттылық пен тұлға типімен сәйкес келетін орта таңдауы ретінде сипаттайтынын көреміз.

Тағы бір шетелдік зерттеуші – Сафина Р.Г. «қалау» терминін қол жетімді нұсқалардың кез келген баламасы ретінде айқындайды. Мұндай кем дегенде екі нұсқа бар екенін байқау қиын емес: кәсіби мансап, ол арқылы жоғары ресми және кәсіби мәртебеге жетуге ұмтылу немесе одан бас тарту. Мысалы, үй шаруасындағы әйел мансабын таңдау (кәсіби мансапқа ең айқын ба-

лама ретінде) немесе қарапайым орындаушылық лауазымдарға ұмтылуды шектеу. Мамандық таңдау сәті мамандық таңдау сәтімен сәйкес келмеуі мүмкін, дегенмен, әрине, мансап таңдау мен мамандық таңдау бір-бірімен байланысты (Сафина, 2005).

Соңғы жылдары қазіргі кездегі мамандықтар мен кәсіптердің өзгеруі ресейлік зерттеушілер Р.Н. Абрамовтың, А.Быковтың зерттеулерінде сипатталған (Абрамов, Быков, 2021). Кәсіби династияларды өмір жолдары мен стратегиялары әдіснамасы арқылы Р.М. Уәлиахметов,

М.С.Турақаев зерттеді (Уәлиахметов, Турақаев, 2020 ж.). Олар отбасылық тәрбие аясында кәсіптермен таныстыру үшін мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстың өзекті түрлерін зерттейді. Қоғамның өзгеруі жағдайында кәсіби қалаудың қалыптасуы Т.Б.Макарованың, Т.А.Гергердің еңбектерінде көрініс тапқан. (Макарова, 2005, Гергер, 2019)

Соңғы онжылдықтарда қазақстандық зерттеушілер қазіргі жастардың, оның ішінде еңбек құндылықтарының құрылымын қарқынды түрде зерттеп жатыр. Олардың ішінде Г.С. Әбдірайымова, А.Б. Алтынбекова, Н.М. Нысамбаева, А.Б.Монтаева және басқалардың зерттеулерін атап өтуге болады (Нысанбаев, 2011, Әбдірайымова, 2006, Монтаев, 2014).

М.К. Шнарбекова Қазақстандағы жоғары оқу орнын таңдаудағы жастар стратегиясын жан-жақты зерттеуді (Шнарбекова, 2019 ж.). Сонымен қатар ғалым отбасы ресурстары мен жоғары білімді таңдаудың өзара байланысы туралы пікірталасқа баға береді. Мамандық таңдау оқуды жалғастыру/жалғармау, университет пен мамандық таңдау шешімін қамтитын процесс ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайлардың өзгеруі жағдайында ЖОО түлектерін жұмысқа орналастырудың жаңа мінез-құлық стратегияларын меңгеруді көздейтін жастардың кәсіби әлеуметтену процесінің маңызы артуда. Еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін, тиімді кәсіптік мансап құруда кәсіби, тұлғалық және коммуникативті қасиеттердің рөлі артып келеді. Бұл мәселелер А.Б.Сарсенованың еңбектерінде көрсетілген (Сарсенова, 2019).

Атап айтқанда, Сарсенова А.Б. ЖОО түлектерінің жұмыс іздеу әдістерін, мінез-құлық аспектілерін, жеке және кәсіби қасиеттерін, жеке еңбек траекториясын қарастырады, олардың аймақтық профилін көрсетеді.

Мамандық таңдау факторлары бойынша алдыңғы зерттеулердің тәжірибесін ескере отырып, авторлардың ұсынылған мақаласы мектеп оқушыларының кәсіби бейімділіктерінің трансформациясын, мамандық таңдауды қалыптастыру механизмдерін зерттеуге бағытталған.

Ең бастысы, кәсіби бейімділіктің өзгеруінің негіздемесі. Ал әлеуметтанулық зерттеу әдісі қазіргі жағдайда жоғары сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін есепке алу әдістемесін қалыптастыру қажеттілігін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған зерттеудің түпкілікті

нәтижесі – жыныс, жас және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бейімділіктерін әлеуметтанулық талдау әдістемесін қолдану бойынша ұсыныстар мен технологиялар.

Сонымен қатар, «Қазақстандағы ЖОО түлектері мен жас мамандардың кәсіби әлеуеті: жұмыспен қамту үлгілері» (Садырова, 2018.) монографиясы, сонымен қатар Scopus деректер базасына енгізілген журналдардағы мақалалар жарияланды (Sadyrova, 2016, 2022).

Авторлар ұсынылған тақырыптар мен зерттеу технологиясы жоғары сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін қалыптастырудағы әлеуметтік мәселелерді тереңірек және жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді және оларды шешу жолдарын ұсынады. Жасалған авторлық ұсыныстар мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын, сондай-ақ жастарды жұмыспен қамту мәселелерін жақсартуға бағытталған білім беру және әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осының бәрі ұсынылған ғылыми жұмыстың мазмұны мен тәсілдерінің жаңалығын айғақтайды және бұрынғы зерттеулердің жалғасы емес.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдіснамалық негізі кәсіп таңдаудың әртүрлі мәселелері мен аспектілерімен, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларын өзгертумен айналысатын халықаралық әлеуметтану өкілдерінің, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері болып табылады. Зерттеу әдістемесі статистикалық деректерді талдаумен және әлеуметтік болжау құралдарымен біріктірілген жүйелік, құрылымдық-функционалдық және компаративистік тәсілдерге, сондай-ақ монографиялық, әлеуметтанулық, статистикалық, сауалнама, салыстырмалы талдау, орта және жоғары білім беру және халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды талдау сияқты талдау әдістеріне негізделген.

- Монографиялық талдау. Бұл әдіс жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауын зерттеудің теориялық негізін анықтауға мүмкіндік береді. Оның негізінде қазақстандық шынайылықты ескере отырып, кәсіптік артықшылықтарды зерттеудің, аймақтық, гендерлік, мектеп типіндегі кәсіпті таңдаудың негізгі тұжырымдамаларын бөліп көрсетуге және жүйелеуге болады;

- Статистикалық деректерді талдау. Бұл әдіс гендерлік және аймақтық өлшеуді бөліп көрсете отырып, соңғы 10 жылдық жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-демографиялық бөліністегі әлеуметтік құрылымын анықтауға мүмкіндік береді;

- Сауалнама. Бұл әдіс мектеп түрін (жалпы білім беретін және мамандандырылған) ескере отырып, қалалық және ауылдық жерлердегі жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларын трансформациялау моделін құруға мүмкіндік береді;

- Салыстырмалы талдау. Бұл әдіс гендерлік және аймақтық айырмашылықтарды, мектеп түрін ескере отырып, жастардың кәсіби қалауының құрылымын және мамандық таңдау ерекшеліктерін салыстырмалы талдауға мүмкіндік береді;

- ҚР-да орта білім беру және кәсіптік бағдарлау саласындағы мемлекеттік және әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды талдау. Бұл әдіс орта білім беру мектептерінің түлектерін кәсіптік бағдарлау бойынша сараланған саясатты жүзеге асыру мақсатындағы ұсынымдар әзірлеу үшін қолданылатын болады.

Білім алушылар туралы бастапқы ақпаратты жинаудың негізгі көзі білім және ғылым министрлігінің, орта білім департаменттері мен мектептердің статистикалық жинақтарында және басқа да қолжетімді деректерінде ұсынылған орта білім беру саласындағы статистика болып табылады.

Әлеуметтанулық ақпаратты жинаудың негізгі әдісі 500 респондентке көздейтін жоғары сынып оқушыларына сауалнама жүргізу болады. Зерттеу Қазақстанның қалалары мен облыстарында жүргізілді. Зерттеудің негізгі әдісі жоғары сынып оқушыларына сауалнама жүргізуге негізделген әлеуметтанулық ақпаратты жинау және өңдеу болды. 2022 жылдың екінші жартысында Алматы қаласы мен Алматы облысы, Астана қаласы мен Түркістан облысының Шымкент қаласы аймақтарында 500 респондентті қамтитын әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді.

Ақпараттық база ресми Мемлекеттік құжаттар, ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың 2019-2022 жылдарындағы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары, ҚР Білім Министрлігінің құжаттары, ҚР Статистика агенттігінің тақырыптық және статистикалық анықтамалықтары негізінде қалыптасты.

Бірінші кезеңде көп сатылы іріктеу жүзеге асырылды. Іріктеу барысында облыстардың елді

мекендері айқындалатын болады; содан кейін мектептерді іріктеу, сыныптарды іріктеу; ал соңғы кезеңде – респонденттер құрамын квоталық іріктеу. Сауалнама деректері SPSS бағдарламасы бойынша өңделеді. Зерттеудің сенімділігі респонденттердің үлгісімен анықталады. 5% дейін қате жіберіледі.

Нәтижелер және талқылама

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарына, жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру бағдарламаларының маркетингі арқылы оны ақпараттық қамтамасыз етуді жақсартуға, экономика мен қоғам үшін стратегиялық маңызы бар мамандықтарға мемлекеттік гранттық қолдауды кеңейтуге қарамастан, жоғары сынып оқушылары болашақ жұмыс бағытына байланысты мамандық таңдауда қиындықтарға тап болуда. Бұл мәселе оқушылардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне және болашақта еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесіне әсер етеді.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері ретінде келесі мәліметтер алынды (3-суретті қараңыз).

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауын зерттеу тұжырымдамасын толық талдау келесі бағыттарда құрылады:


- қала-ауыл негізінде жоғары сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін зерттеудің әдістемелік тәсілдерін жүйелеу және жіктеу;

- әр түрлі типтегі мектептердің аймақтық және гендерлік бөлінісі негізінде жоғары сынып оқушыларының кәсіптік қалауларын қалыптастырудағы әлеуметтанулық зерттеудің әдіснамасы мен құралдарын әзірлеу;

- бірнеше аймақтағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері негізінде аймақтық және гендерлік сипаттамаларды ескере отырып, мектептің болашақ түлектері үшін неғұрлым тартымды кәсіби салаларды саралау;

- салыстырмалы талдау негізінде жоғары сынып оқушыларының кәсіби артықшылықтарын бөлу, болашақ білім берудің қолжетімділігін және үш компонент: аймақ (қала-ауыл), гендер, мектеп түрі бойынша гранттық қолдау алу мүмкіндіктерін бағалау;

- жоғары сынып оқушыларының кәсіптік және білім беру бағдарларын бағалау әдісі ретінде әлеуметтанулық сауалнама технологиясын қолдану негізінде оқушылардың кәсіптік бағдарлануы бойынша ұсыныстар беру.



3-сурет – Мектеп оқушыларының кәсіби бейімділігін зерттеу мен таңдаудағы тұжырымдамалық тәсілдер*

* Ескерту: мақала авторлары құрастырған

Күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолдану саласы мен мақсатты тұтынушыларына келетін болсақ, келесі ережеге тоқталу керек:

- зерттеу орта білім беру мектептерінің түлектерінің кәсіптік артықшылықтарын қалыптастыру және кәсіп таңдауында, содан кейін олардың тиімді жұмыспен қамтылуында, еңбек нарығында, білім беру саласында бәсекеге қабілеттілігі және жаңа Қазақстанның құрылуы жағдайында кадрлар даярлау үшін қолданылады.

- ұсыныстар орта және мамандандырылған мектептердің жоғары сынып түлектерінің гендерлік және өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың кәсіптік бағдарлануы саласындағы мектеп әкімшілігінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарында мамандар даярлау сапасын арттыру үшін бағытталуы тиіс.

- күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологияның негізгі ғылыми бағыты мен сабақтас салаларының дамуына әсері. Күтілетін нәтижелер әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарының негізгі бағыттарына әсер етеді.

- Қазақстан аймақтары бойынша әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін пайдалану орта және мамандандырылған оқу орындарында жынысын, тұру аймағын және мектеп түрін, жоғары сынып оқушыларының кәсіптік қалауларының өзгеруін

ескере отырып, оқытудың сараланған әлеуметтік бағдарламаларын дамытуға мүмкіндік береді.

- экономикалық қызығушылық жаңа Қазақстанды құру, экономиканы жаңғырту және қазақстандық қоғамның білім беру ортасына жұмыспен қамту идеяларын енгізу жолдарын іздеумен байланысты.

- жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби әлеуетін тиімді пайдалануға және жастардың еңбек нарығында табысты жұмыспен қамтылуына кәсіби артықшылықтардың әсері туралы әлеуметтанулық деректерді жинау ҚР-да кәсіптік бағдарлаудың сараланған саясатын қалыптастыру және мамандық таңдау қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді.

- кәсіби артықшылықтарды трансформациялау бойынша тәжірибелік ұсынымдар ҚР білім беру және жастар саясатын жетілдіруге ықпал ететін болады. Осы әлеуметтанулық зерттеудің әдістемесі мен құралдарын әлеуметтік-гуманитарлық сипаттағы зерттеулерде қолдануға болады. Олар пәнаралық және полимәдени сипаттағы теориялық және эмпирикалық зерттеулердің әдіснамалық негізін жасайды.

- квоталық іріктеу бойынша Қазақстанның алты облысының алты ірі қаласы мен ауылдық аймақта 1000 респондентті қамту қажет. Әлеу-

меттанулық деректерді статистикалық өңдеу және корреляциялық талдау процесінде алынған нәтижелерді терең талдау және түсіндіру қажет.

Жоғарыда аталған Тұжырымдамада жоғары сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін зерттеудің өзіндік әдістемесін әзірлеуден, мемлекеттік білім беру және әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың, «жаңа Қазақстанды» құру стратегиясының кәсіби мүмкіндіктерге әсерін негіздеуден тұратын ғылыми нәтиже бар.

Әлеуметтанулық зерттеу жүргізу барысында Қазақстанның оңтүстік аймақтары бойынша, оның ішінде Астана, Алматы, Шымкент мегаполистерінде жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауының себептері анықталды.

Зерттеу мектеп түлектерінің кәсіби қалауының мотивациялық құрылымын анықтайтын құрылымдағы сыртқы факторларды анықтады. Алынған мәліметтер 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Мектеп оқушыларының кәсіби бейімділігіне әсер ететін факторлар

Факторлар	Саны %
Мамандыққа сұраныс	16,5
Ата-аналар кеңесі	16,5
Еңбек пен жұмыстың қамтылуы	16,2
Кәсіби қызығушылықтар кестесіндегі өзгерістер	15,1
Білім беру саясаты	13,7

Зерттеу нәтижелері мектеп оқушыларының кәсіби қалауына әсер ететін жеке факторларды анықтады: жоғары жалақы деңгейі (92%); мансаптық өсу мүмкіндігі (89,0%); жоғары білікті мамандық, жұмыс (53%); мамандық басқаруға мүмкіндік береді, басшылық ету (42,0%); өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді (41,0%); қоғамда жоғары мәртебе береді (27,0%).

Жүргізілген зерттеулер оқушылардың кәсіби қалауының өзгеру деңгейін көрсетті.

Респонденттердің бірінші тобы болашақ мамандықты нақты таңдаумен сипатталады. Сауалнамаға қатысқандардың жартысы мақсатты кәсіби мотивацияға ие.

Екінші топ кәсіби бағытты анықтаумен ерекшеленеді, бірақ болашақ мамандықты әлі таңдамады. Олар іздеуде немесе күмәндануда. Осы топтың респонденттері үшін тиімді кәсіптік бағдар беру жұмысы қажет.

Үшінші топ – бұл ерекше қалауы жоқ немесе болашақ мамандық туралы ойламаған респонденттер. Алынған мәліметтер 2-кесте келтірілген.

2-кесте – Соңғы 3 жылда кәсіби қалауларыңыз өзгерді ме

	Қазақстанда білім алу
Өте маңызды	45,3
Маңызды емес	39,2
Білмеймін	11,8
Арнайы қалаулар болған жоқ	3,2

«Сіз кәсіби таңдау туралы шешім қабылдадыңыз ба?» деген сұрақты мектеп түрі негізінде талдау бойынша мамандандырылған мектеп оқушыларының таңдауы бойынша көбірек анықталатынын көрсетеді. Бұл санатта өз шешімін тапқан оқушылардың үлесі 64,0% құраса, жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында өз мамандығын таңдауға шешім қабылдағандар 58,9% құрайды. Кәсіби таңдау туралы шешім қабылдамағандардың көрсеткіші жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында мамандандырылған мектептердің оқушыларымен салыстырғанда жоғары, сәйкесінше 10,2% және 8,1% құрайды. Бұл ерекшелікті жалпы білім беретін мектептермен салыстырғанда мамандандырылған мектептерде жоғары тұрған мектеп жағдайында кәсіптік бағдар беру жұмыстарының қарқындылығымен түсіндіруге болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, авторлар:

1. Еңбек нарығының трансформациясы жағдайында өзгермелі әлеуметтік және кәсіптік-өндірістік ортаға тез бейімделе алатын кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті, мобильді мамандарды даярлау мәселесі күрт шиеленісе түсті. Осыған байланысты қалалық және ауылдық жерлердегі мектеп жастарының кәсіби қалауы мәселесі, мәселенің гендерлік аспектілері, сондай-ақ мектеп түрлері арасындағы айырмашылықтар барған сайын маңызды бола түсуде.

2. Зерттелетін мәселенің тәжірибелік маңыздылығы мектептердің әртүрлі түрдегі арасындағы білім беру теңсіздігінің болуын ескере отырып, қала-ауыл және гендер тұрғысынан жоғары

сынып оқушыларының кәсіби қалауларының өзгеруін зерттеу Қазақстанда іргелі және қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулердің ерекше пәні болып қалыптасуда.

3. Зерттеу Қазақстандағы экономика мен білім беруді жаңғырту және цифрландыру процестері, жұмыспен қамту саясаты және кәсіптік және жоғары білім берудің белгілі бір бағыттарын қолдау, сондай-ақ пандемия мен онлайн-білім берудің өмір сүрген тәжірибесі, оқушылардың, олардың отбасыларының, жақын әлеуметтік ортаның құндылық түсініктері мен кәсіби күтулері оқушылардың кәсіби қалауына қалай әсер ететінін ескере отырып, осы мәселені анықтауға мүмкіндік береді.

4. «Жаңа Қазақстан» моделі шеңберінде елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қалалық және ауылдық, сондай-ақ әртүрлі мамандандырылған мектептерде сапалы білім берудің тең әлеуметтік жағдайларын қамтамасыз ету маңызды. Бұл бітіруші сынып оқушыларына болашақ мамандықты саналы және тиянақты таңдауға және одан әрі білім беру траекториясын

анықтауға мүмкіндік береді. Жастарды кәсіптік бағдарлау саласындағы мемлекеттік саясат жастардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы және оларды инновациялық экономикаға интеграциялау үшін қажетті құқықтық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларды жетілдіруге бағытталған.

5. Кәсіби бағдарлаудың табыстылығы жастардың болашақ жұмысқа орналасуының және еңбек нарығындағы бәсекелестік ұстанымдарының кепілі ретінде қазақстандық білім беруді жаңғырту және аймақтық білім беру теңсіздігін еңсеру тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

6. Кешенді әлеуметтанулық өлшем ауыл және қала жастарының әлеуметтік теңсіздік мәселелерін шешуге бағытталған еңбек нарығының сұранысына, жаңа Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік-саяси бағытына сәйкес оларды одан әрі болжау және реттеу үшін салыстырмалы перспективада олардың кәсіби қалаулары мен көзқарастарының өзгеру серпінін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Токаев К.-Ж. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны // Послание Главы государства Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2021 года // <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu.-kazahstana-183048>
- Абдирайымова Г.С. Система ценностных ориентаций молодежи в современном казахстанском обществе: социологический анализ: дис. ... д-ра социол. наук: 22.00.04. – Алматы, 2006. – С. 42-43.
- Абрамов Р.Н., Быков А. Мир профессий в контексте труда и занятости: пандемическое и цифровое вертиго // *Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены*. – 2021. – № 3. – С. 4-20.
- Blau P.M., Duncan O.D. The American occupational structure. – N.Y.: John Wiley and Sons, 1967. – 520 p.
- Brunello G., Fort M., Weber G., Weiss C.T. Testing the internal validity of compulsory school reforms as instrument for years of schooling // *IZA Discussion Paper*. – 2013. – № 7533. – P. 23-29.
- Валиахметов Р.М., Туракаев М.С. Факторы формирования жизненного пути профессиональных династий // *Научный результат. Социология и управление*. – 2020. – № 1 (6). – С. 58-71.
- Гегер Т.А. Формирование профессиональных предпочтений обучающихся основной школы в процессе изучения физики // *Научно-методическое обеспечение оценки качества образования*. – 2019. – №3 (8). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnyh-predpochteniy-obuchayuschih-sya-osnovnoy-shkoly-v-protsesse-izucheniya-fiziki> (дата обращения: 23.03.2022).
- Herman G. van de Werfhorst. Education, inequality, and active citizenship tensions in a differentiated schooling system // *Working paper*. – 2009. – P. 15-16.
- Holland, J. H., Holyoak, K. J., Nisbett, R. E., & Thagard, P. Induction: processes of inference, learning, and discovery. – Cambridge, MA: MIT Press, 1986. – 385 p.
- Макарова Т.Б. Профессиональная ориентация учащихся городских общеобразовательных школ в условиях трансформации общества (на примере городов Набережные Челны и Нижнекамск): дис. ... канд. социол. наук: 22.00.04. – Казань, 2005. – С. 57-58.
- Монтаев А.Б. Характер трудоустройства по специальности выпускников Казахстана: гендерный срез // *Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Социология. Политология*. – 2014. – Т. 14. – Вып. 4. – С. 55-59.
- Нысанбаев А.Н. Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: КМ МОН РК, 2011. – 108 с.
- Shnarbekova M.K. Education and social reproduction: the impact of social background on educational choice of youth // *Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия психологии и социологии*. – 2019. – №2 (69). – С. 203-210.
- Sadyrova, M.S., Sarsenova A.B., Montayev A.B., Imanbekova B.I. The change of attitude to the profession of university graduates and young specialists // *International Journal of Environmental and Science Education*. – 2016. – Vol. 11. – №18. – P. 12486-12499.

Садырова М.С. и др. Профессиональные потенциал выпускников вузов и молодых специалистов Казахстан: модели трудоустройства. – Алматы: Казак университеті, 2018. – 60 с.

Sadyrova M., Montayev A., Sarsenova A., Shedenova N. Gender aspects of mutual effectiveness of socio-economic strategies for choice of profession and employment of young specialists // *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*. – 2022. – Vol. 11. – № 2. – P. 275-291.

Сарсенова А.Б. Жас мамандардың жұмысқа орналасу стратегиясының гендерлік аспектілері (әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша) // *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы*. – 2019. – № 4 (80). – 231-237 б.

Сафина Р.Г. Выбор студентами профессиональной карьеры: гендерные аспекты (на примере Республики Татарстан): дис. ... канд. социол. наук: 22.00.04. – Казань, 2005. – С. 22-23.

References

Tokayev K.-J. (2021) Edinstvo naroda i sistemnye reform – prochnyy osnova prosvetaniya strany. Poslanie Prezidenta Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana [The unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the country's prosperity. Message from the Head of State to the people of Kazakhstan dated September]. (*In Russian*)

Abdirayymova G.S. (2006) Sistema sennosnyh orientatsi molodeji v sovremennom kazahstanskom obshestve: sociologicheskii analiz [The system of value orientations of youth in modern Kazakhstani society: a sociological analysis]. Dis. ... dr. sociol. sciences: 22.00.04]. Almaty, pp. 42-43. (*In Russian*)

Abramov R.N., Bykov A. (2021) Mir professii v kontekste truda i zanyatosti: pandemicheskoye i sifrovoye vertigo. Monitoring obshestvennogo mneniya: ekonomicheskie i sociyalnye peremeny [World of professions in the context of labor and employment: pandemic and digital vertigo. *Public opinion monitoring: economic and social changes*], no 3, pp. 4-20. (*In Russian*)

Blau P.M., Duncan O.D. (1967) The American occupational structure. N.Y.: John Wiley and Sons, 520 p.

Brunello G., Fort M., Weber G., Weiss C.T. (2013) Testing the internal validity of compulsory school reforms as an instrument for years of schooling. *IZA Discussion Paper*, no 7533, pp. 23-29.

Herman G. van de Werfhorst. (2009) Education, inequality, and active citizenship tensions in a differentiated schooling system. *Working paper*, pp. 15-16.

Holland J. H., Holyoak K. J., Nisbett R. E., & Thagard P. (1986). Induction: Processes of inference, learning, and discovery. Cambridge, MA: MIT Press, 385 p.

Geger T.A. (2019) Formirovanie professionalnyh predpochtenii obuchaiushihya osnovnoi shkoly v protsesse izucheniya fiziki. Nauchno-metodicheskoe obespechenie osenki kachestva obrazovaniya [Formation of professional preferences of primary school students in the process of studying physics. *Scientific and methodological support for assessing the quality of education*], no 3 (8). (*In Russian*) URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnyh-predpochteniy-obuchayushihya-osnovnoy-shkoly-v-protsesse-izucheniya-fiziki> (date of access: 03/23/2022).

Makarova T.B. (2005) Professionalnaya oriyentatsiya uchashikhsy gorodskih obsheobrazovatelnyh shkol v usloviyakh transformatsii obshestva (na primere gorodov Naberejnye Chelny i Nizhnekamsk) [Professional orientation of pupils of city comprehensive schools in the conditions of society transformation (on an example of the cities of Naberezhnye Chelny and Nizhnekamsk)]. Dis.... kand. ... cand. sociological sciences: 22.00.04. Kazan, pp. 57-58. (*In Russian*)

Montaev A.B. (2014) Harakter trudoustroistva po spetsialnosti vypusnikov Kazahstana [The nature of employment in the specialty of graduates of Kazakhstan: gender profile. *News of the Saratov University. New series. Series Sociology. Political science*], vol. 14, issue 4, pp. 55-59. (*In Russian*)

Nysanbaev A.N. (2011) Mir sennostei nezavisimogo Kazahstana [The world of values of independent Kazakhstan]. Almaty: KM MON RK, 108 p. (*In Russian*)

Sadyrova M.S. (2016) The change of attitude to the profession of university graduates and young specialists. *International Journal of Environmental and Science Education*, vol. 11, no 18, pp. 12486-12499.

Sadyrova M.S. and others. (2018) Professionalnye potentsialy vypusnikov vuzov i molodyh spetsialistov Kazahstan: modeli trudoustroistva [Professional potential of university graduates and young professionals in Kazakhstan: models of employment]. Almaty: Kazakh University, 160 p. (*In Russian*)

Sadyrova M.S. (2022) Gender aspects of mutual effectiveness of socio-economic strategies for choice of profession and employment of young specialists. *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*, vol. 11, no 2, pp. 275-291.

Safina R.G. (2005) Vybory studentami professionalnoi kareryi: gendernye aspekty (na primere Respubliki Tatarstan) [Students' choice of a professional career: gender aspects (on the example of the Republic of Tatarstan)]. Dis. ... cand. sociological sciences: 22.00.04]. Kazan, pp. 22-23. (*In Russian*)

Sarsenova A.B. (2019) Zhas mamandardyn zhumyska ornalasu strategy sonnyyn genderlik aspektileri (әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша) [Gender aspects of the employment strategy of young specialists (based on the results of a sociological study). *Bulletin of the Kazakh state women's teacher training University*, no 4 (80), pp. 231-237. (*In Kazakh*)

Shnarbekova M.K. (2019) Education and social reproduction: the impact of social background on educational choice of youth. *Bulletin of KazNU named after. al-Farabi, a series of psychology and sociology*, no 2 (69), pp. 203-210.

Valiakhmetov R.M., Turakaev M.S. (2020) Factory formirovaniya jiznneho puti professionalnyh dinastii. Nauchnyi rezultat. Sociologiya i upravlenie [Factors in the formation of the life path of professional dynasties. *Scientific result. Sociology and management*], no 1 (6), pp. 58-71. (*In Russian*)